

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Бәйдібек ауданы әкімдігінің Боралдай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 34 "Боралдай ауылдық округі Боралдай елді мекені К.Бердиев көшесіне шектеу іс-шаралары белгілеу туралы шешімінің күші жойылды деп тану туралы"

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Боралдай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 46 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 шілдеде № 5134 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағына және Бәйдібек аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 10 маусымындағы № 155 ұсынысы негізінде, Боралдай ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мысықтың құтырық ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Бәйдібек ауданы әкімдігінің Боралдай ауылдық округі Боралдай елді мекені К.Бердиев көшесінің аумағында шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Бәйдібек ауданы әкімдігінің Боралдай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 34 "Боралдай ауылдық округі Боралдай елді мекені К.Бердиев көшесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5054 болып тіркелген, және 2019 жылы 27 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

Н. Алтынбеков